



Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ғылыми-құқықтық журнал

№3 (44) 2016

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж. №894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы
Түкиев А.С. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Борчавили И.Ш. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Шерубай Құрманбайұлы – ф.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Астана, Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Досмырза Д.Д. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қанатов А.Қ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Коньс В.Т. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Маммадов У.Ю. – з.ғ.к. (Қазан, Ресей)
Мырзаева Ш.Р. (Астана, Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Сағидан А.Ж. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Свободный Ф.К. – з.ғ.к. (Барнаул, Ресей)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бішкек,
Қызығызстан)
Тілембаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Журнал редакциясы
Сақтағанов Ә.Ғ.
Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінің БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

МАЗМҰНЫ

<i>Редакция бағанасы</i>	4
<i>«Жаршының» мұрағаттық беттері</i>	
Ғ. САПАРҒАЛИЕВ Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы кейбір ой-пікірлер (ҚР ЗИ Жаршысы, №1-2006, 5-8б.)	7
М.Т. ҒАБДУӘЛИЕВ Академик Ғ.С. Сапарғалиевтің жергілікті өзін-өзі басқару туралы ғылыми жарияланымна қайта оралғанда	11
<i>Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы</i>	
А.С. ТУКИЕВ, Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА, И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Сот құқықшығармашылығының кейбір мәселелері туралы	14
В.Т. ҚОНЫС Мүлікті сенімгерлік басқару институтының Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі аясындағы құқықтық табиғаты	24
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА, Р.Қ. ҚАНАТОВ, А.Т. БЕКЕН Қазақстан Республикасындағы атқарушылық іс жүргізудің кейбір мәселелері (Талдамалық анықтама материалдары негізінде)	32
<i>Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс</i>	
Г.М. РЫСМАҒАМБЕТОВА, Қ.С. ЛАҚБАЕВ, К.Б. МАНАПОВ Тағы да қылмыстылықты зерделеуге экономикалық көзқарас туралы	39
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ, А.С. ӘБДІКӨРІМОВА Көлікте құқық бұзушылығы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту туралы	45
<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану</i>	
М.А. СӨРСЕМБАЕВ ЕАЭО шеңберінде Қазақстанның АӨК экономикалық-ресурстық мүмкіндіктерін жүзеге асыруы ЕО мен оның мүшелерінің ұқсас құқықтық қатынастары аясында	54
А. IRZHANOV The definition of terrorism in international and national law: analysis and legal content (Халықаралық және ұлттық құқықтағы халықаралық терроризм ұғымы: талдау және құқықтық мазмұны)	62
D. DOSMYRZA, A. KANATOV Comparative law analysis of legislative regulation of law enforcement activity in Turkey and Kazakhstan (Түркияның және Қазақстанның құқық қорғау қызметін заңнамалық реттеудің салыстырмалы-құқықтық талдауы)	71
<i>Құқықтық мониторинг</i>	
А.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізетін қоғамдық мониторингтің рөлі мен маңызы	78
<i>Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан</i>	
Е. САҒУАНИ Заң логикасы мен тілі	83
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Заң терминдерінің құрылымы және сөзжасамдардың құқықтық ерекшеліктері	87
<i>Жас ғалым мінбері</i>	
А.К. БЕКШЕВ Қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру субъектісі туралы мәселе жөнінде	92
Б.К. ӘМІРХАНОВ Жасырын тергеу әрекеттері ұғымы және олардың іздестіру шараларымен арақатынасы	98
<i>Ақпараттық хабарлама</i>	
Ғылыми қызмет үшін Thomson Reuters өткізген семинарлар туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2016 ж. 28 қыркүйек	106
<i>Мерейтімі</i>	
ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Майдан Құнтуарұлы Сүлейменов 75 жаста	108
<i>Даналық ойлар</i>	109



№3 (44) 2016

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций по
юридическим наукам

(Приказ ККСОН МОН РК №894 от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Тукиев А.С. – к.ю.н. (Астана, Казахстан) –
(председатель)

Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана, Казах-
стан)

Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)

Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Борчашвили И.Ш. – д.ю.н. (Астана, Казах-
стан)

Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)

Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана, Казах-
стан)

Шерубай Құрманбайұлы – д.ф.н. (Астана,
Казахстан)

Состав Редакционной коллегии

Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)
– (председатель)

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)

Айымбетов М.А. – заслуженный деятель куль-
туры РК (Астана, Казахстан)

Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)

Досмырза Д.Д. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Дюсенов Е.А. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Канатов А.К. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Конусова В.Т. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Маммадов У.Ю. – к.ю.н. (Казань, Россия)

Мырзаева Ш.Р. (Астана, Казахстан)

Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,
Казахстан)

Сагидан А.Ж. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Свободный Ф.К. – к.п.н. (Барнаул, Россия)

Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек, Кыргыз-
стан)

Тлембаева Ж.У. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Редакция журнала

Сактаганов А.Г.

Колтубаева Г.Б.

Ермек А.Б.

Жумагелдина Б.Ж.

Байленова А.К.

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана, ул. Орынбор, д. 8,
тел: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43

E-mail: instzak-kz@mail.ru

www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Колонка редакции _____ 5

Архивные страницы «Вестника»

Г. САПАРГАЛИЕВ Некоторые соображения о местном са-
моуправлении в Республике Казахстан (Вестник ИЗ РК, №1-2006,
стр. 5-8) _____ 7

М.Т. ГАБДУАЛИЕВ Возвращаясь к научной публикации акаде-
мика Г.С. Сапаргалиева о местном самоуправлении _____ 11

Гражданское и гражданско-процессуальное право

А.С. ТУКИЕВ, Ж.У. ТЛЕМБАЕВА, И.К. ЕЛЕУСИЗОВА
О некоторых проблемах судебного правотворчества _____ 14

В.Т. КОНУСОВА Правовая природа доверительного управ-
ления имуществом в контексте Гражданского кодекса Республики
Казахстан _____ 24

Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА, Р.К. КАНАТОВ, А.Т. БЕКЕН Отдельные
вопросы исполнительного производства в Республике Казахстан
(по материалам Аналитической справки) _____ 32

Уголовное право и уголовный процесс

Г.М. РЫСМАГАМБЕТОВА, К.С. ЛАКБАЕВ, К.Б. МАНАПОВ
Еще раз об экономическом подходе к изучению преступности _____ 39

К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ, А.С. АБДЫКАРИМОВА
Об усилении административной и уголовной ответственности
за транспортные правонарушения _____ 45

Международное право и сравнительное правоведение

М.А. САРСЕМБАЕВ Реализация экономико-ресурсных воз-
можностей АПК Казахстана в рамках ЕАЭС в свете аналогичных
правоотношений ЕС и его членов _____ 54

А. IRZHANOV The definition of terrorism in international and
national law: analysis and legal content (Понятие международного тер-
роризма в международном и национальном праве: анализ и правовое
содержание) _____ 62

D. DOSMYRZA, A. KANATOV Comparative law analysis
of legislative regulation of law enforcement activity in Turkey and
Kazakhstan (Сравнительно-правовой анализ законодательного регу-
лирования правоохранительной деятельности Турции и Казахстана) _____ 71

Правовой мониторинг

А.Г. КАЗБАЕВА Роль и значение общественного мониторинга,
проводимого Национальной палатой предпринимателей, в правовом
мониторинге нормативных правовых актов _____ 78

Из практики законодательства на государственном языке

Е. САФУАНИ Логика и язык закона _____ 83

Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Структура юридических терминов и
правовые особенности словообразования _____ 87

Трибуна молодого ученого

А.К. БЕКИШЕВ К вопросу о субъекте укрытия уголовного
правонарушения _____ 92

Б.К. АМИРХАНОВ Понятие негласных следственных дей-
ствий и их соотношение с розыскными мерами _____ 98

Информационное сообщение

Информационное сообщение о проведенных семинарах
Thomson Reuters для научной деятельности, г. Астана, 28 сентября
2016 г. _____ 106

Юбилей

Академику НАН РК, доктору юридических наук, профессору
Сулейменову Майдану Кунтуаровичу – 75 лет _____ 108

Мудрые мысли _____ 109



№3 (44) 2016

Owner and publisher:
SI «Legislation Institute
of the Republic of Kazakhstan»

Published since 2006

All journal materials are placed on the website

www.iz.adilet.gov.kz

Included in the list of publications of basic scientific
results of dissertations on legal sciences (Order
CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

Editorial Council members

Tukiyev A.S. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan) – (Chair-
man)

Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)

Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Borchashvili I.Sh. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)

Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Malinovski V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Sherubai Kurmanbaiuly – d.ph.s. (Astana, Ka-
zakhstan)

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
– (Chairman)

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)

Aiyembetov M.A. – Honored Worker of Culture
of Kazakhstan, (Astana, Kazakhstan)

Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)

Dosmyrza D.D. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Dyusenov E.A. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Kanatov A.K. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Konusova V.T. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Mammadov U.Y. – c.j.s. (Kazan', Russian)

Myrzaeva Sh.R. (Astana, Kazakhstan)

Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk,
Kazakhstan)

Sagidan A.Zh. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Svobodniy F.K. – c.ps.s. (Barnaul, Russian)

Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)

Tlembayeva Zh.U. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

The editorial staff

Saktaganov A.G.

Koltubayeva G.B.

Yermek A.B.

Zhumageldina B.Zh.

Bailenova A.K.

The certificate of registration of mass media
№11219-G from 15.11.2010 from the Committee
of Information and Archives of the Ministry of Culture
and Information of the Republic of Kazakhstan

Address:

The Republic of Kazakhstan,
010000, Astana, Str. Orynbor, 8,

tel.: 8 (7172) 74-02-06

fax: 8 (7172) 74-14-43

e-mail: instzak-kz@mail.ru

www.iz.adilet.gov.kz

Bulletin of Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan

scientific and legal journal

CONTENT

Editorial _____ 6

Archive «Bulletin» page

G. SAPARGALIYEV Some thoughts on local government in the
Republic of Kazakhstan (Bulletin of LI of the RK, №1-2006, 5-8p.) _____ 7

M. GABDUALIEV Returning to the scientific publication of
Academician Sapargaliev's on local government _____ 11

Civil and Civil Procedural Law

A.S. TUKIYEV, ZH.U. TLEMBAEVA, I.K. YELEUSSIZOVA
On some issues of judicial law-making _____ 14

V. KONUSSOVA Legal nature of the property trust within the Civil
Code of the Republic of Kazakhstan _____ 24

SH. ZH. TAUKYBAYEVA, R.K. KANATOV, A.T. BEKEN Certain
issues of enforcement proceedings in the Republic of Kazakhstan (based
on Analytical report) _____ 32

Criminal law and criminal procedure

G.M. RYSMAGAMBETOVA, K.S. LAKBAEV, K.B. MANAPOV
Once again, the economic approach to the study of crime _____ 39

K. ISMAGULOV, E. ELUBAY, A. ABDYKARIMOVA
On strengthening the administrative and criminal liability for traffic
offenses _____ 45

International law and comparative jurisprudence

M.A. SARSEMBAYEV The implementation of economic and
resource capabilities of AIC of Kazakhstan in the framework of the
EAEU in the light of similar relations of the EU and its members _____ 54

A. IRZHANOV The definition of international terrorism in
international and national law: analysis and legal content _____ 62

D. DOSMYRZA, A. KANATOV Comparative law analysis
of legislative regulation of law enforcement activity in Turkey and
Kazakhstan _____ 71

Legal monitoring

A.G. KAZBAYEVA The role and significance of public monitoring,
conducted by the National chamber of entrepreneurs in legal monitoring
of regulatory acts _____ 78

Lawmaking practice in the official language

Y. SAFUANI Logic and language of the law _____ 83

D.M. SHYNGYSBAEVA The structure of the legal terms and legal
features of word formation _____ 87

Young scientist tribune

A.K. BEKISHEV On the issue of hiding subject of the criminal
offense _____ 92

B.K. AMIRKHANOV The concept of covert investigative actions
and their relationship with the investigative measures _____ 98

Announcement

The information message about the held seminars Thomson Reuters
for scientific activity, Astana, 28 september 2016 _____ 106

Anniversaries

75 years to the Academician of NAS RK, Doctor of Law, Professor
Maidan Suleimenov _____ 108

Wise thoughts _____ 109

УДК 340.113.1:16

ЗАҢ ЛОГИКАСЫ МЕН ТІЛІ

**Есенқұл Сафуанұлы Сафуани**

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері, e-mail: e.safuanov@adilet.gov.kz

Есенқұл Сафуани бұл мақаласында заңның дұрыс түсініліп, дұрыс орындалуы үшін заң логикасы мен тілінің атқаратын рөлі жөнінде өз пікірін ортаға салады. Заңның логикасы мен стилі оның тіліне тікелей ықпал ететіндігін жүйелі түрде дәлелдеп, заңнама тілінің жалпыға ортақ пайдаланылып жүрген кәдуілгі тілден айтарлықтай өзгеше болатынына назар аударады. Заң қарапайым тілмен жазылып, адамдарға түсінікті болуға тиіс деп айтылып келе жатқанына қарамастан, заң тілі көркем әдеби тілге жанаспайды деп дәлелдеуі заң аудармасымен айналысатындарға салмақты ой салары хақ. Бұл орайда автор өз тұжырымдарын ғылыми әдебиеттерге сүйеніп, заңдардан мысал келтіріп дәлелдейді.

Заңнама тілі мен қарапайым тіл арасында айтарлықтай өзгешелік болмайды, деп дәлелдегенмен күнделікті тұрмыста пайдаланылатын кейбір жағдайларда қарапайым тілдің бейнелі болып келуіне байланысты ол нормативтік ұйғарымдарды толық әрі дәл жеткізіп бере алмайтындығына назар аударылады. Осы тұрғыдан келгенде автордың дәлелді ой-пікірлері заң терминдерінің маңызына жете назар аудару қажеттігіне тағы да көз жеткізеді.

Автор ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, заң шығару қызметінде пайдаланылатын арнайы терминдерді: қарапайым тілде қолданыла бермейтін, көпшілікке онша таныс емес терминдер; кәдуілгі сөйлесу тілінде түсінікті, бірақ заңи мағынасы мүлде өзгеше терминдер, деп саралайды. Бұл ойын кәсіпкерлікке қатысты заң мен қылмыстық заңнан мысал келтіре отырып дәлелдейді.

Заңдарда кейбір терминдердің бірізді емес, әртүрлі алынып жүргеніне орай мысал келтіріп, мұндай ағаттықтарға жол беруге болмайтынын да еске салады.

Түйін сөздер: заң тілі; заң логикасы; термин; заңнама; теңтүпнұсқалылық.

Логика и язык закона

Сафуани Есенқұл Сафуанұлы

Ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства Республики Казахстан, e-mail: e.safuanov@adilet.gov.kz

В этой статье Есенқұл Сафуани раскрывает свое мнение о роли логики и языка закона в правильном понимании и применении законодательства. Системно доказывая, что логика и стиль закона напрямую воздействуют на его язык, обращает внимание на то, что язык законодательства существенно отличается от языка, который мы используем в повседневной жизни. Несмотря на то, что до сих пор бытует мнение, что закон должен быть написан на простом, понятном людям языке, однако всем известно, что язык закона не интерпретируется с художественным литературным языком, и это причина призадуматься тем, кто занимается переводами законов. При этом автор обосновывает свои выводы, опираясь своими доводами на научную литературу и приводит примеры из законов.

Даже если между языком законодательства и простым языком особенного различия нет, стоит обратить внимание на то, что в некоторых случаях общепринятый обиходный язык, который используется в повседневной жизни в быту является образным, он не может полностью и точно передать смысл нормативных определений. Исходя из этого, обоснованные суждения автора еще раз доказывают, что необходимо обратить особое внимание значениям юридических терминов.

Автор, опираясь на научную литературу, подразделяет специальные термины, которые используются в законодательской деятельности, на: термины, которые редко используются в бытовом языке, не очень знакомые широкому кругу населения; термины, понятные в простом разговорном языке, но их юридическое значение является совсем иным. Своё мнение доказывает примерами из законов в сфере предпринимательства и уголовного права.

Приводя пример того, что некоторые термины по-разному используются в законах, еще раз хочет донести, что нельзя допускать такие пробелы.

Ключевые слова: логика закона, язык закона, термин, законодательство, аутентичность.

Logic and language of law

Safuani Yessenkul

*Researcher of the sector of research linguistic expertise of legal acts
and international agreements of Linguistic center of the Legislation
Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan,
e-mail: e.safuani@adilet.gov.kz*

In this article Esenkul Safuani leads his opinion about the role of logic and language of the law for the proper execution and clarifications of legislation. Systematically arguing that logic and style of the law directly affecting on his tongue draws attention to the fact that legislative language is significantly different from the language that we use in every day. Despite the fact that still say that the law should be written in plain language understandable to people of lawmaking fact that the language of the law is not interpreted with artistic language of reason to think about those who are engaged in translation of the law. In this regard, the author gives examples of laws based on the arguments of the scientific literature.

Though prove that the particular differences between the language of legislation and in plain language is necessary to pay attention to the fact that in some cases common everyday language that is used in everyday life in the home is shaped, its cannot fully and accurately convey the meaning of the normative definitions. On this basis, of this reasoned opinions of the author once again proves that it is necessary as it should pay attention to the values of legal terms.

The author, regarding to the scientific literature, divides the special terms that used in the legislative activities on: the terms that are rarely used in everyday language, is not very familiar to the general public; terms understandable in plain language, but their legal meaning is quite different. The opinion shows examples of laws in the field of business and criminal law.

Citing an example of what some of the terms are used differently in the laws, again he wants to convey, it is impossible to avoid such gaps.

Key words: *logic of law, language of law, termin, legislation, authenticity.*

Заңның логикасы мен стиліне қойылатын талап заң шығармашылығының тіліне тікелей ықпал етеді. Заң тілі жалпыға ортақ пайдаланылып жүрген кәдуілгі тілден айтарлықтай өзгеше болатыны анық. Құқық зерттеу ғылымында заң қарапайым адамдарға түсінікті тілмен жазылуға тиіс деп үнемі айтылып келе жатқанына қарамастан, заң тілі классикалық әдебиет тіліне, яғни көркем әдеби тілге жанаспайды деуге болады. Заң жүйесін қалыптастыру барысында заң тілінің ерекше сипатына сай мүлде ерекше терминдер жүйесі пайдаланылады.

Қарапайым тіл мен заң тілінің арасында қағидатты айырмашылық болмайды деген пікір басым бола тұрса да, күнделікті тұрмыста пайдаланылатын тілдің көп мағыналы және бейнелі болуына байланысты ол нормативтік ұйғарымдарды толық жеткізіп бере алмайды. Олай болуының негізгі себебі – белгілі бір сөздің және сөз тіркесінің бірнеше мағынасы және жеке-дара ықпалы болуы. Ал заң мәтіні нақтылықты, айқындықты және бірізділікті қажет етеді.

Заң тілінің кәсіби сипатын орнықтыру мақсаты – құқықтық реттеудің толықтығын, сонымен бірге нақтылығы мен айқындығын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа, заң шығару қызметіне қатысушылардың нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеген кезде арнайы терминдер жүйесін пайдалануы арқылы қол жеткізуге болады. Ол терминдер жүйесі нормативтік құқықтық актінің мәтінінде құқық нормасы құқықтық қатынастар процесіне қатысушыларға

дәлме-дәл, толық мағынасында түсінікті болуын қамтамасыз етуге тиіс. Заң шығару қызметі барысында пайдаланылатын арнайы терминдерді негізінен екі топқа бөлуге болады:

1) қарапайым тілде қолданыла бермейтін, адамдардың басым көпшілігіне таныс емес терминдер. Бұл арнайы заңи ұғымды білдіру үшін пайдаланылатын терминдер. Мысалы, «лизинг» термині азаматтық заңнамадан хабарсыз адамға мүлде түсініксіз. Ол тіпті бұл сөзге ешқандай мән бермеуі де мүмкін. Оның ағылшын тілінде «жалға беру» мағынасында екенін және кәдуілгі жалға беруге қарағанда өзгеше – қаржылық қызмет көрсетудің өзіндік ерекше түрі екенін кәсіпкерлікпен айналысқан кезде айқын түсінеді.

2) кәдуілгі сөйлесу тілінде түсінікті, бірақ заңи мағынасы мүлде өзгеше терминдер. Мысалы, халық арасында күнделікті жиі қолданылып жүрген жалпыға бірдей түсінікті «қарақшылық» сөзі. Бұл термин заңда, атап айтқанда, қылмыстық құқық саласында мүлде басқа мән-мағынаға ие. «Қарақшылық – бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл».

Заң жобасын әзірлеу барысында арнайы терминологиялық жүйені пайдалану қажеттігіне қатысты заңнама техникасы саласындағы зерттеушілер арасында қызу айтыс-тартыс толастар емес.

Құқықтанушылардың көпшілігі, әсіресе германияның заңгерлері, құқықтық реттеудің дәлдігі мен толықтығын қамтамасыз ету үшін заңнама жүйесін жасау кезінде арнайы формальдандырылған тілді пайдалану қажет, ол арнайы заңи дайындығы бар маман болмаса, көпшіліктің бәріне түсінікті болу міндетті емес деп есептейді. Олардың пікірінше, заң шығарушылар кәсіби тілді пайдаланбаған жағдайда, заң ішкі байланысын жоғалтып, заңның орындалмауына әкеп соғады. Оның үстіне, баптардың ережелерінің қарама-қайшылығын туғызып, қоғамдық қатынастардың түбегейлі реттелмеуіне әкеп соғады.

Жоғарыдағы пікірге тікелей қарама-қайшы көзқарас та бар. Кейбір зерттеушілер, заң мәтінінде қарапайым адамдарға түсініксіз, тек қана заңи ұғымдағы сөздерді қолдану зиянды, «заң белгілі тайпаның неғұрлым дәл бейнеленген әдеби тілінде жазылуға тиіс» [1] дейді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Ресей құқық зерттеушісінің бұл пікірін П.И.Стучка, А.Я.Вышинский қолдаған. Олар нормативтік құқықтық актілер мәтінінде арнайы кәсіби тар ұғым мен тұжырымдамалардан аулақ болуды жөн санайды. Мұндай пікірді қазақ тілінде заңнама тілін қалыптастырумен айналысып жүрген терминологтарымыз барынша қолдайды. Тіпті термин сөзді мәнмәтінге (контексте) қарай әртүрлі алған дұрыс деп есептейтіндер баршылық.

Бір ғана мысал келтірейік. Терминологиялық комиссия, «коррупционное правонарушение» деген тіркесті «сыбайлас жемқорлық» деп бекітті. Ондағы дәлелі: «сыбайлас жемқорлық» дегеніміздің өзі «құқық бұзушылық», сондықтан оны «сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» деп нақтылаудың қажеті жоқ дейді. Бірақ ол терминологтар нормативтік құқықтық актілерде «сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық» деген норманың болатынын ескермеген және ескергісі де келмеген. Ал заңдарымызда «сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық», «сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық», «әкімшілік құқық бұзушылық» деп айқын жазылып жүр. «Ходатайство» терминін – «қолдаухат», «өтінішхат», деп екі түрлі жазып жүрміз.

Жоғарыдағыдай тікелей қарама-қайшы пікірлер туындаған кезде олардың дәл ортасынан сара жол салған дұрыс деп ойлаймыз. Заң құқық нормасының талаптары арналған субъектіге түсінікті болуға тиіс екендігі дау туғызбайды. Өз тілімізде баламасы бар терминдерді қазақша орнықтыру міндеттілігі дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Дегенмен, егер заң шығарушы қолданысқа толық жарамды, бұлтартпасыз орындалатын

нормативтік құқықтық акт әзірлеу үдесінен шыққысы келсе, арнайы заң терминдерін пайдаланудан бас тарта алмайды. Себебі мұндай терминдер заңның қысқа әрі нақты болуына қол жеткізу мүмкіндігін береді, бұл оны анық түсіну үшін өте маңызды. Мысалы, «дееспособный» терминін қазақша «әрекетке қабілетті» дейміз. Ал оның толық мән-мағынасымен түсіндірмесін беріп: «өзі ойланып, жағдайға қарай өздігінен іс-қимыл жасай білу» десек, нақты термин емес, терминнің түсіндірмесімен берілген заң мәтініндегі осынша көп сөзділік ұйғарылған ойдың мән-мағынасын бұзады.

Әдетте, әрбір заң термині белгілі бір қатаң мәнге ие, бұлжымас бір ғана мәні формальды түрде айқындалған және орнықтырылған құқықтық ұғымды білдіреді. Заңның арнайы тілінде арнайы терминдер мен ұғымдар бірін-бірі өзара толықтырып, айқындап, құқықтық ақпарат кешенін жеткізудің оңтайлы тәсілін қамтамасыз етеді. Арнайы терминдер құқықтық қатынас процесіне қатысушыларға нормативтік құқықтық актілер мәтінінің бірізді түсінілу мүмкіндігін беретін мағыналық әсер ету жүйесін жасайды. Заң тілін кәсібилендіру заңның дұрыс түсіндірілу және құқық қолдану практикасы процесінде бұрмалану мүмкіндігін болдырмау, ұйғарымның дәлдігін, айқындығы мен толымдылығын ұштастыру үшін қажет. Олай болмаған жағдайда заңнаманы бірізді түсіну және түсіндіру мүмкіндігі болмай, құқықтық нормативтік ұйғарымның мәнін айқындау кезінде шатасуға, қателесуге және құқық нормасының мәнін бұрмалауға алып келген болар еді. Осы орайда К. Маркстің: «Терминологиядағы ала-құлалыққа немқұрайды қарауға болмайды, өйткені ол мыңдаған адам тағдырын шешеді» [2] деген тұжырымын есте қатаң ұстаған жөн.

Тұжырымдық анықтама-норма ғылыми базаға негізделуі тиіс, оларды орнықтырған кезде мүмкін болғанынша бірыңғай және біріздендірілген негізгі пікірлерді және тиісті саладағы заң ғылымының жетістіктерін басшылыққа алған жөн. Құқықтық ұйғарымның барынша айқындығы мен дәлдігі, заң шығарушының ойларына, идеяларына және мақсаттарына заң мәтінінің сай келуі де заң тілінің өзіндік ерекшелігі. Д.А. Керимовтің: «Заңнама мәтініндегі дәлдік дәл ғылымдар саласындағы дәлдіктен де гөрі неғұрлым маңызды десек, ол артық айтқандық емес» [3] деп ескертуіне қарсы пікір айта алмаймыз.

Заң мәтінінде әрбір сөз, әрбір сөз тіркесі, әрбір сөйлем әртүрлі түсіну мүмкіндігін болдырмайтын абсолюттік айқындықпен берілуге тиіс. Заңда құқықтық ерік берудің, ұйғарымдардың, тыйым салудың шегі

нақты, қатаң және түбегейлі айқындалуға тиіс, олардың әртүрлі қабылданылуына жол беруге мүлде болмайды.

Заң тіліне қойылатын талаптардың бірі оның қысқа да нұсқа тұжырымдалуы. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні артық сөзі жоқ, барынша ықшам тұжырымдалуға, нақты ақпараттық жүктемесі жоқ сөздер мен сөз тіркестерінен ада болуға тиіс. Заң мазмұнын ұзыннан шұбақ сөздерден құралған сөйлеммен баяндау мәтіннің түсінілуін қиындатып, оның сындарлы құрылыммен берілуін бұзады. Бұл заңның орындалуын қиындатуға әкеп соғады.

Дегенмен заңның қысқа тұжырымдалуы оның толымдылығына теріс әсер етпеуге тиіс. Құқықтық реттеудің толымдылығы мен қысқалығын, нақтылығын және сондықтан да заңның түсініктілігін ұштастыруға негізгі заңдарды және заңнама техникасының қағидаларын зерттеу мен пайдалану нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Заң тіліне қойылатын негізгі талаптың бірі – тіл мәдениеті. Заң, жалпыға ортақ міндеттіліктің үлгісі, қарым-қатынастағы ұстанымның эталоны болғандықтан тіл мен сөз мәдениетінің үлгісі қызметін атқаруға тиіс. Тіл мәдениеті, ең алдымен, қазақ тілінің қағидаларына сәйкес мәтіндік конструкцияны (контексті) дұрыс құруды білдіреді. Нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезінде грамматиканың, синтаксистің, пунктуацияның, ең бастысы, стилистиканың қағидаларын сақтау заңның реттеушілік тиімділігі үшін орасан зор маңызға ие. Грамматикалық қателерді әдеттегідей техникалық редакциялау барысында түзетуге болады, ал пунктуациялық қателерді түзету өте қиынға түседі, өйткені пунктуация, яғни тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы, құрмалас сөйлемнің өзара рет-ретімен байланыспауы мәтіннің мән-мағынасын өзгертіп, дұрыс түсінілуін қиындатып жібереді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-бабы 1-тармағының екінші абзацы:

«Положения настоящего Кодекса применяются независимо от места совершения преступления в отношении граждан Республики Казахстан, лиц без гражданства, по-

стоянно проживающих на территории Республики Казахстан, в случаях совершения террористического или экстремистского преступления либо преступления против мира и безопасности человечества, если иное не установлено международным договором Республики Казахстан.» деген норма қазақшаға:

«Осы Кодекстің ережелері, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, террористік немесе экстремистік қылмыс не бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасалған жағдайларда, Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қылмыстың жасалған жеріне қарамастан қолданылады.» деп аударылған мәтінді түсіну қаншалықты қиын екендігі көрініп тұр. «Осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға қатысты» қолданылатыны түсінікті. Ал «террористік немесе экстремистік қылмыс не бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасалған жағдайларда,» деген сөз тіркесі неге қатысты? Мәтінді бірнеше рет оқығаннан кейін ғана болжам жасауға болады. Осы абзацы:

«Осы Кодекстің ережелері, Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға қатысты, террористік немесе экстремистік қылмыс не бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, қылмыстың жасалған жеріне қарамастан қолданылады.»¹ деп қазақшаланса, нақты әрі түсінікті болар еді.

Қорыта айтарымыз, заңның логикасы мен тілі бір-бірімен барынша үйлесіп, нормативтік актінің арналған нысанасы, атқаратын функциясы айқын көрініс тауып, норманың дұрыс түсінілуін, бұрмаланбай, мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Әдебиет

1. Луначарский А.О. О языке закона // Известия ЦИК СССР. 1931. 24 марта.
2. Маркс К., Энгельс Ф., Соч., том 13, стр. 516.
3. Керимов Д.А. Законодательная техника. - М., 2000 г., стр. 68.

References

1. Lunacharski A.O. O yazyke zakona // Izvestiya CIK SSSR. 1931 24 marta.
2. Marx K., Engels F. Sochinenie. T. 13. 516 p.
3. Kerimov D.A. Zakonodatelnaya tehnika. M. 2000. 68 p.

¹ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-бабы 1-тармағының екінші абзацы.